

КМҚК «Балдәурен» бөбекжайы қызметкерлерімен Zim платформасы арқылы " Құқықтық тәрбие жөніндегі педагогикалық кеңес" бойынша дәріс отырысы өткізілді.

Саяқ кенті, күні: 18.01.2022ж.

Қатысқандар: 12

Қатыспағандар:1 (себепсіз)

Тақырыбы: «Педагог мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының заңымен танысып, талдау;


Күн тәртібінде:

1. Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар және қолдану саласы;
2. Педагог мәртебесімен, педагогтік әдеп;
3. Заңды қолданысқа енгізу тәртібі;

«Балдәурен» бөбекжай әдіскері, комплаенс-қызметін атқарушы А.Т.Рысбаева былай деді: Осы Заң педагогтің мәртебесін айқындайды және оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулерін, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейді. Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес – педагогикалық әдеп қағидаларының бұзылуын қарап, нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар енгізу, сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алуға және профилактикасына бағытталған шараларды іске асыру үшін білім беру ұйымында құрылатын алқалы орган;
- 2) педагогтің кәсіби стандарты – педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
- 3) педагог – тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіптік білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және (немесе) тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және (немесе) білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ кәсіптік стандартта көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін адам;
- 4) педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға;
- 5) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша дағдыларын, құзыреттерін арттыруға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

профилактикалық медициналық тексеруден өтуге;
7) қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына жәрдемдесуге;
8) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
Осы Заң, осы Заңның 10-бабын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Осы Заңның 10-бабы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі деп сөзін аяқтады.



Директор

Жунусова Г.Б.

Жунусова Г.Б.